

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/OLRD4608>

***Н. Ә. Ильясова¹, У. Б. Тайжанов², Б. Молдағали³**

^{1,2,3}Абай атындағы Қазақ ұлттық

педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0027-2706>

²ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2273-2759>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1916-2371>

*e-mail: nagima68@mail.ru

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МӘНІН АЙҚЫНДАУДЫҢ ЛИНГВОАКСИОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Мақаланың мақсаты – ұлттық құндылықтарға лингвоаксиологиялық талдау жасау арқылы азаматтық сананы ояту, ұлттық бірегейлікті сақтау мен дамыту жолдарын қарастыру. Мақаланың ғылыми жаңалығы талдау жүйесінің бағалауыштық құрылымдағы «жақсы» мен жаман оппозициясына негізделіп, талдау жасаудың үлгісі мен моделінің берілуінде. Бұл зерттеудің бірегейлігіне жақсы позициясы арқылы ұлттық құндылықтарға тән сапалық белгілер, жаман позициясында ұлттық құндылықтарға қарсы жүретін сапасыз белгілер және құндылықтар мен антиқұндылықтарға субъект тарапынан баға беруге болатын өлшемдердің талдамасы (анализ) кіреді. Зерттеудің теориялық маңыздылығы ұлттық құндылықтарға лингвоаксиологиялық талдау жасау, ұлттық бірегейлікті сақтаудың жолы ретінде түсіндіріледі. Талдау барысында ұлттық құндылықтарға қатысты жеке адамдардың субъективті көзқарасы қалыптасатыны, сол арқылы ұлттық құндылықтардың мәнін түсіну процесі жүретіні дәлелденеді. Ол ізгілікті қоғам орнату мен жаһандық мәдениетке жұтылып кетпеудің жолы ретінде талданады. Тақырыпты ашуда бағалау, салыстыру, жүйелеу, модельдеу әдістері қолданылады.

Зерттеудің әдіснамалық негізі А. Шаңбаева, И. Ивин, Е. Вольф, Н. Арутюнова т.б. ғалымдардың философиялық, лингвистикалық зерттеулері болды. Жұмыстың практикалық маңыздылығы –

бұл мақала ЖОО «Жалпы тіл білімі» пәні бойынша дәрістерге, семинарларға дайындық кезінде қосымша материалдар ретінде пайдалануы болады.

Кілтті сөздер: антиқұндылық, лингвоаксиология, ұлттық бірегейлік, бағалаушытық жүйе, сыни зерделеу.

Кіріспе

Қазір өркениеттің даму кезеңінде өз ұлтының, халқының ерекше қасиеттерін танытын, сол қасиеттерді басқа да өркениетті елдермен қарым-қатынас жасауда сәтті пайдаланатын, экономика мен ақпараттық технологияның даму кезеңінде компьютер тілін, компьютерлік бағдарламаларды ұлттық тілде құрастыра алатын, әлемдік ғылыми-техникалық дамудағы жаңалықтарды игеріп, оны мемлекеттің дамуына жұмсайтын ұлтжанды, ел-жұртын сүйетін тұлға тәрбиелеу аса өзекті болып отыр. Бүгінгі күні жаңа технологиялардың дамып, адам сенбейтін жетістіктерге қол жеткізуі адамдардың сана-сезімін өзгертті. Адамдар жаңа технологиялардың игілігін көру үшін тек ақша тауып, баю жолына түсуге бет бұруда. Байлық үшін дамыған елдердің ұлттық құндылықтарын бойына сіңіріп, тілін, мәдениетін қабылдап, ел-жұртын тастап кетіп жатқандар да баршылық. Қоғамда осындай жағдайлардың орын алуы ұлттық құндылықтарды бағалай алмаудан туындайды. Ұлттық құндылықтардың мәнін түсінбеген адам халқын, елін, жерін құрметтеу, отанды сүю сияқты патриоттық сезімнен айырылады. Бұл тәуелсіздікке енді ғана қол жеткізген жас мемлекет үшін өте қауіпті жағдай. Сондықтан адамдардың азаматтық санасын оятатын, ұлттық сана-сезімінің көкжиегін кеңейтетін сан түрлі әрекеттерді ұйымдастыру керек. Оны білім ғылымның барлық саласында кеңінен қолданып, жастардың санасына сіңіру – басты міндет.

Тіл білімі саласындағы аксиологиялық лингвистика ұлттық құндылықтарды зерделеуге бағытталған. Ұлттық құндылықтар тек белгілі бір ұлттың рухани әлемін айқындайтын құбылыс қана емес, ұлттың ерекше қасиеттерін әлемге танытатын бірегей құбылыс болып табылады. Ғылымның ұлттық тілде дамуы, ұлттың ғасырлар бойы өмірлік тәжірибесінен жинақталған ой-тұжырымдарының (дүниетанымын) шындық өмірде дәл келіп жатуы, ізгілікті қоғам орнатуға арқау болатын қарым-қатынас мәдениеті мен салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, елін-жерін қорғаудағы ақыл-ой жетістіктері, ұлттық құндылықтарға жатады. Ұлттық құндылық – ұлттық болмысымызды айқындайтын көрсеткіш. Сондықтан ұлттық құндылықтарды сақтау, дамыту – кезек күттірмейтін мәселе. Оны лингвоаксиологиялық талдау арқылы жеткізудегі мақсат – сөз арқылы адамдарға әсер ету. Бұл талдау

адамдардың жан түкпірінде жатқан ұлттық сезімін оятып, өз халқының, елінің, отанының патриотын тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістері

Ұлттық құндылықтарға лингвоаксиологиялық аспектіде талдау жасауға философия, антропологистика, коммуникативті лингвистика, функционалды семантика, тарих, әлеуметтану, мәдениеттану, психология саласына қатысты материалдар арқау болды. Пәнаралық, салааралық байланысты жасауға бірегейлік, бағалаушытық құрылым, ой-сана, көзқарас, рухани құндылық пен материалды құндылық, ізгілік, адамгершілік, сыни зерделеу, оппозиция мәселесіне қатысты тұжырымдар негіз болды.

Тақырыпты зерделеуде, зерттеуде бағалау, салыстыру, жүйелеу, модельдеу әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Ұлттық құндылықтар – ұлттың материалдық және рухани жетістіктерін айқындап, әлеуметтік мәдени органы сақтауға қызмет атқаратын, қоғамның ұлттық бірегейлігін танытатын категория. Ұлттық құндылықтарға баға беру – халықты рухани және әлеуметтік-экономикалық дамуға жетелеген ұлттық дүниетаным, сана-сезім мен ақыл-ой жетістігін бағалау. Бұл азаматтық сананы оятуға қызмет атқарады. А. Н. Шаңбаева мемлекеттің саналы, әрі белсенді азаматы, отанын сүйетін нағыз патриот адамды азаматтық санасы қалыптасқан адам ретінде бағалап, оған тән қасиеттерді былайша көрсетеді:

– жері мен елінің рухани-материалдық, мәдени құндылықтарын бойына сіңіре білген;

– ақыл мен парасаттылығы жетілген;

– жеке мүдде мен болашақ үшін жауапкершілікті өткен мен келешек ұрпақ алдындағы парызбен ұштастыра білетін ұлтжанды саналы азамат [1, 164-б.]. Азаматтық сананы ояту өз тарихы туралы ойлана алғанда, оған еркін халықтың көзқарасы тұрғысында қарай білгенде, сыни зерделеуден өтіп, ұлттық құндылықтарға баға бере алғанда қалыптасады. Оны жүзеге асырудың бастамасы білім, ғылым саласында іске асады. Оны лингвистика саласында зерделесек, лингвоаксиологиялық талдауда сәтті болады.

Лингвистика саласындағы аксиологиялық талдау құндылықтарды бағалаумен ерекшеленеді. Бағалаудың өзіне тән құрылымы мен нормасы ұлттық құндылықтардың мәнін айқындауға негіз болады. «Норма – бағалаудың бір бөлшегі» деген А. А. Ивиннің тұжырымына [2] сүйеніп, бағалаушытық құрылымдағы жақсы мен жаман оппозициясын ұлттық құндылықтар мен антиқұндылықтарды ажырататын норма деп танымыз. Осы нормалар рухани құндылықтардың мәнін ашу мен оған кедергі келтіретін құбылыстарды анықтауға мүмкіндік береді. «Жақсы» позициясында ұлттық құндылықтардың өлшемі, ал «жаман» позициясында антиқұндылықтардың

өлшемі анықталады. Ол Е. М. Вольф атаған «...социумды білдіретін жалпы субъектінің көзқарасы» [3, 51-б.] тұрғысында ашылады. Адамдардың ой-пікірі, көзқарастарының әрқайсысында шындық, ой саларлық идея болады. Осы идеялар ұлттық құндылықтардың нормативті бейнесін көрсетеді. Л. Г. Ефанова түрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің семантикасынан әлемнің нормативті бейнесін айқындап, оған әлеуметтік субъект тарапынан баға беруге болатынын дәлелдеді [4]. Құндылықтар мен антиқұндылықтардың нормативті бейнесін айқындайтын ой-пікірлер мен көзқарастар лингвистика ғылымында тілдік бірліктерге жатады. Тілдік бірліктер арқылы анықталған ой-пікірлерге, көзқарастарға баға беріледі де, адамның, социумның, әлемнің, қоршаған ортаның қандай болуы керектігі айқындалады. Бұл адамзат тәжірибесінің ассоциативті байланыстарынан [5, 4-б.] көрініс табады. Әрбір адамның берген бағасынан қоғамдық көзқарас, қоғамдық пікір анықталады. Ол рухани серпіліс жасауға, ұлттық құндылықтың қоғамдағы орнын, мемлекеттік мүддені жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ұлттық құндылықтарға лингвоаксиологиялық талдау жасау – ұлттық бірегейлікті сақтау мен дамытудың жолы. Э. Эриксон бірегейліктің әр деңгейінде «адам әлеуметтік ортада қандай болуы керек» және «адам қандай болмауы керек» екенін айқындайтын оппозиция болатынын атап көрсетеді. Біріншісін оң (позитивті), екіншісін теріс деп таниды [6]. Ендеше, бірегейліктің ұлттық деңгейі де адамдарға қойылатын талаптармен тікелей байланысты. Ұлт ретінде біріккен қоғамда адамдардың ұлттық тілде қарым-қатынасқа түсуі, салт-дәстүрді ұстануы, көне жәдігерлер мен мұраларын сақтауы және тарихын зерделеп, рухани жаңғырып отыруы, ілім-білімді дамытуы, ұлтқа қызмет етуі ұлттық бірегейлікті көрсетеді. Оған кері әсер ететін факторлар бірегейлікті жояды. Сондықтан ұлттық бірегейлікті сақтау ұлтты сақтаудың жолы деп танымыз. Лингвоаксиологиялық талдауда осы мақсат басшылыққа алынып, ұлттың өзіне тән ерекшелігін айқындайтын бірегей құбылыстардың мәні оң және теріс оппозициясы арқылы сараланады.

Бірегейлік деңгейіне тән оң мен теріс, бағалауыштық құрылымдағы жақсы мен жаман, Н. Д. Арутюнованың жіктемесіндегі гедонистикалық (ұнамды-ұнамсыз); этикалық (мейірімді, мейірімсіз, өнегелі, өнегесіз); утилитарлық (пайдалы, зиянды), нормативті (оң, теріс); теологиялық (тиімді, тиімсіз) категориялары [7, 198–200-бб.] ұлттық бірегейлікті талдауға арқау болатын өлшемдердің позициясын көрсетеді. Мысалы, ұлттық тіл, ұлттық киім, ұлттық тәрбие, ұлттық ойын, салт-дәстүр, әдет-ғұрып сияқты ұлттың болмысын, ерекшелігін танытатын бірегей құбылыстарға лингвоаксиологиялық талдау жасағанда құрылымында ұлтқа, халыққа, мемлекеттік идеологияға ұнамды, мейірімді, өнегелі, пайдалы, оң, тиімді және ұнамсыз, мейірімсіз, өнегесіз, зиянды, тиімсіз деген өлшемдер

іріктеледі. Оларды құндылықтар мен антиқұндылықтарды бағалауға арналған өлшемдер деп тануға болады. Талдау үлгісі:

1 – Кесте

Тақырыбы: Ұлттық тіл – ұлттық құндылық	
Бағалаушытық жүйе	
Жақсы	Жаман
Құндылық	Антиқұндылық
<i>Ұлт өкілдерін өзара тілдік қарым-қатынасқа түсіреді</i>	<i>Ұлт өкілдері ұлттық тілде сөйлемейді</i>
<i>Өнер, ғылым, білім саласында кітап басу өнерін қалыптастырады</i>	<i>Өнер, ғылым, білім саласында кітап шығарылмайды</i>
<i>Мемлекеттік тіл статусына ие болады</i>	<i>Іс-құжаттар, ресми жиындар ұлттық тілде жүргізілмейді</i>
<i>Мәдени мұраны сақтайды</i>	<i>Ұлттық әдебиет, ән, жыр, мақал-мәтел, этюдтер, аңыздарды мойындамайды</i>
Құндылыққа баға беру	Антиқұндылыққа баға беру
<i>Ұлт өкілдерінің ұлттық тілде қарым-қатынасқа түсу нәтижесін бағалау</i>	<i>Ұлт өкілдерінің ұлттық тілде сөйлеу нәтижесін бағалау</i>
<i>Өнер, ғылым, білім саласында кітап шығарудың нәтижесін бағалау</i>	<i>Өнер, ғылым, білім саласында ұлт тілінде кітаптар шығармаудың нәтижесін бағалау</i>
<i>Мемлекеттік тіл статусына ие болу нәтижесін бағалау</i>	<i>Ұлт тілінде іс-қағаздардың жазылмау, түрлі жиындарда ұлт тілінің қолданылмау нәтижесін бағалау</i>
<i>Ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар сөзі мен үнінің нәтижесін бағалау</i>	<i>Ұрпақтан ұрпаққа жеткен ұлттық өнер, ұлттық әдебиет, ұлттық ғылым мен білімді дамытпау нәтижесін бағалау</i>

Бағалаушытық құрылымдағы «жақсы» компоненті ұлттық құндылықты тануға арқау болатын бірегей өлшемдерді, ал «жаман» компоненті құндылыққа қарсы жүретін өлшемдерді анықтауға негіз болады. Құндылық пен антиқұндылыққа баға беру – түсіну, түсінік қалыптастырудың жолы. Талдауды осылайша бинарлық топқа жіктеуге сөздің адам санасына әсер ету қызметі арқау болады. Е. М. Вольф адамның миы сөзді рационалды-логикалық және эмоционалды бейнелі жағдайда қабылдайтынын, осы екі түрлі жағдайда «жақсы», «жаман» бағалаушытық компонент жасырын ұсталатынын, сонымен бірге олар нақты ассоциациялық көру, есту және сезу әрекеттерін тудыратынын, сондай-ақ адам санасында өздері түсінбейтін


«жақсы» немесе «жаман» түсініктер қалыптастыратынын айтады. Бұл сөздерді «жиренуге (итеруге)» немесе «үйренуге (шақыруға)» ықпал ететін [3, 112-б.] құбылыс деп таниды. Ұлттық құндылықтарға лингвоаксиологиялық талдаудың мақсаты да ғалым атаған критериалерді басшылыққа алады. Мәселен, ұлттық тілді құндылық ретінде талдауда ұлттық тілді қолданудың пайдасы мен оған қарсы жүретін процестердің зиянын анықтау мақсаты көзделеді. Осы екі позицияға сөз арқылы баға берілгенде жеке адамның ұлттық құндылыққа қатысты субъективті қатынасы, яғни оның өзіндік мәнін түсінуі жарыққа шығады. Талдау барысында қалыптасқан түсініктер басқа адамдардың сезіміне әсер етіп, олардың жақсыны үйренуіне, жаманнан жиренуіне ықпал етеді. Жақсы мен жаман компоненттері құндылық пен оған қарсы жүретін процесті салыстыру үшін қолданылады. Салыстыру ұлттық құндылықтарды саналы түрде сақтау, дамыту үшін, оған ақыл көзімен қарап, сыни зерделеуден өткізу үшін қолданылады. Сыни зерделеуден өткізу өмір қажеттілігі [8, 69–83-бб.] екенін ескерсек, сөз бостандығына, озық технологиялар мен әлемдік дамуға бетбұрған демократиялық қоғамда сыни зерделеудің маңызы ерекше. Ұлттық құндылықтардың мәнін айқындауда сыни зерделеу ұлттық тұрақтылықты өркендетуге, ұлттық қауымдастықтың экспансияға ұшырамауына септігін тигізеді деп санаймыз. Қазіргі нарық заманында батыстану белең алып отырғанын ескерсек, біздің қоғамда да антиқұндылықтардың орын алып отырғанын көруге болады. Г. О. Озумба қазіргі қоғамда құндылыққа қарсы жүріп жатқан үдемелі процестерді зерделеп, оның қандай нәтиже беретінін мынадай белгілер арқылы көрсетеді:

- 1) қалай болғанда да байлықты иелену;
- 2) ең соңғы нәтижеде шығынды ақтау;
- 3) ұрлық жасау, ұсталмау;
- 4) өзара келісіп, кінәні мойындау;
- 5) кедейлерге қысым жасау;
- 6) өз дәрежесін, қызметін пайдаланып ұрлық жасау;
- 7) зорлық-зомбылық көрсету, алдау, өлтіру, өтірік айту;
- 8) әлеуметтік, моральдық, діни, саяси кінәраттарды пайдаланып, билікке

құмарту [9, 149-б.]. Антиқұндылықтар тек баюды ойлап, рухани құлдырауға ұшыраған қоғамда көрініс табады. Рухани құлдырауға түскен қоғам ұлттық құндылықтардан айырылған қоғам болып табылады. Ондай қоғамда адамдар адамгершілік, ізгілік, жауапкершілік, отаншылдық сезімнен де айырылып, бәрін байлыққа айырбастауға дайын болады. Адамдар арасындағы қатынастардың өзгеруі мен өркендеуі жағдайында осындай жантүршігерлік жағдайдан сақтану үшін ұлттық құндылықтарды тұрақты түрде дамыту, рухани әлемді жетілдіру, жаңғырту аса қажет. Бұған философия, тарих, тіл білімі, мәдениеттану салаларын тоғыстырып, ұлттық бірегейліктің мәнін

айқындайтын, салыстыру әдісіне негізделген лингвоаксиологиялық талдау арқылы қол жеткізуге болады. Бұл ұлттық құндылықтың мәнін жақсы түсініп, әлеуметтік ортада белсенді, азаматтық санасы мен позициясы бар тұлға қалыптастыруға арқау болады.

Оның моделін былайша көрсетуге болады:



1 – Сурет

Бұл модель ұлттық тіл, ұлттық мәдениет, ұлттық сана, ұлттық танымның қоғамдағы ролін анықтап, оларды ұлттың дамуына тірек болатын бірегей құбылыс ретінде қарастыруды негіз етеді. Жаһандану үдерісінде көзге көрінбей, жанама түрде дамып жатқан жаһандық мәдениетке [10] жұтылып кетпеуге, ұлттық мәдениеттің, рухани әлемнің дамуына септігін тигізеді. Сондай-ақ адамдардың сезіміне сөз арқылы әсер етуді көздейді. Нәтижесінде «ұлттық сананың кемелденуіне», «ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейтуге», «ұлттық болмыстың өзегін сақтауға, оның бірқатар сипаттарын өзгертуге», сондай-ақ, «әрбір мемлекеттің дербес даму үлгісін қалыптастыруға» [11] ықпал етеді. Көрсетілген модель бойынша ұлттық құндылықтарға талдау жасағанда ұлттық бірегейлікті танытатын құндылықтардың бірі нысанға алынады. Оны құндылық ретінде айқындайтын белгілер мен құндылыққа қарсы келетін белгілер көрсетіледі. Әрбір белгіге социум тарапынан баға беруге лайықты факторлар келтіріледі. Сол арқылы ұлттық құндылықтар сыни зерделеуден өтеді.

Ұлттық құндылықтарға лингвоаксиологиялық талдау жасау ұлттық идея, ұлттық ұстаным, ұлттық көзқарасты анықтауға, ұлттың экономикалық, рухани, мәдени және саяси тұрғыда дамуына ықпал ететін азаматтық сананы оятуға, қоғамның идеялық жақтан тұтастануына ықпал етеді. Оған социумды құрайтын жеке тұлғалардың құндылықтар мен антиқұндылықтарға баға берудегі көзқарастары әсер етеді. Мысалы, ұлттық тілде сөйлеу, жазу, кітап шығару, іс-құжаттарды жүргізу, бабалар сөзін насихаттаудың пайдасы қандай болатыны туралы ой-тұжырымдар мен ұлттық тілде сөйлемей, жазбау, кітап шығармай, іс-құжаттарды жүргізбей, бабалар мұрасын білмеудің зияны қандай болатыны туралы ой-тұжырымдар талданады. Тұжырымдарға анализ жасалып, утилитарлық (пайдалы, зиянды) жақтары сараланады. Нәтижесі кез келген ұлт өкілінің ұлттық сезіміне әсер етері сөзсіз. Д. К. Кішібеков ұлттық сезім адам жанының түкпірінде орналасатын, өзгермейтін, жоғалмайтын, мәңгілік сезім екенін айтады [12, 16-б.]. Ұлттық сезімге әсер ету арқылы ұлттық сананы дамытуға болады. Ұлттық сананың дамуы бәсекеге қабілетті ұлттық мемлекетті, әлеуметтік-мәдени қарым-қатынасқа бейімделген ынтымақты елді қалыптастырады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен бірлесіп халықаралық ғылыми жобаларды жүзеге асыруға арналған гранттық қаржыландыру (28.05.2024 жыл № 05-04/377) «10–11 – сынып оқушыларына арналған метапәндік байланыстағы мәтін талдау әдістемесі: ұлттық құндылықтар аспектісі» атты ғылыми жоба аясында жазылды.

Қорытынды

Ұлттық құндылықтардың мәнін лингвоаксиологиялық аспектіде ашуда этикалық аймаққа жататын жақсы/жаман оппозициясын негізге алу аса маңызды. Бұл құндылықтар мен антиқұндылықтардың мәнін ашатын өлшемдерді, оған баға беру амалдарын анықтауға арқау болады және ұлттық құндылықтарға субъектінің қатынасын көрсетеді. Құндылықтар тіл мен әлеуметтік факторлардың байланысын туындайды. Сондықтан адамдардың өмір шындығын бағалауына мүмкіндік беретін категорияға жатады. Ұлттық құндылықтарға лингвоаксиологиялық тұрғыда баға беру адамдардың құндылыққа деген құштарлығын арттыруды мақсат етеді. Ұлттың сапалық қасиеттерін тану мен арттыруға қызмет атқарады. Ұлттық құндылықтарды бағалауда оған нысан болатын объектіні таңдау (ұлттық тіл, ұлттық мәдениет, ұлттық ғылым), оны құндылық ретінде айқындайтын сапалық белгілерді анықтау, бағалау үшін субъект тарапынан шешім қабылдау, сыни зерделеуден өткізу, өзіндік көзқарасын жеткізу ұлттық құндылықтарды тану мен түсінудің көрсеткішіне жатады. Ұлттық құндылықтарды түсіну, тану жалпыға ортақ

мақсат, мемлекеттік мүдде. Себебі құндылықтар адамдардың қоғамдағы қызметінен туындап, қоғамға пайда әкелетін феномен болып табылады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Шаңбаева, А. Н.** Ұлттық мәдениет пен ұлттық құндылықтар арақатынасы [Мәтін] // ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. – 2011. – № 2(37). – 161–165 бб.

2 **Ивин, А. А.** Оценки в процессах коммуникации [Текст]. [Электронный ресурс]. – <file:///C:/Users/TUF%20Gaming/Downloads/otsenki-v-protsessah-kommunikatsii.pdf>

3 **Вольф, Е. М.** Функциональная семантика оценки [Текст]. – М. : Наука, 1985. – 226 с.

4 **Ефанова, Л. Г.** Субъект нормативной оценки, выражаемой семантикой языковых единиц, как носитель национальной языковой картины мира [Текст] // Сиб. филол. журн. – 2013. – № 1. – С. 101-106.

5 **Гак, В. Г.** Метафора в языке и тексте [Текст]. – М. : Наука, 1988. – 174 с.

6 **Эрикссон, Э.** Идентичность: юность и кризис [Текст]. – М. : Прогресс, 1996 – 340 с.

7 **Арутюнова, Н. Д.** Язык и мир человека [Текст]. – М. : Языки русской культуры, 1999. – 896 с.

8 **Нысанбаев, Ә. Н., Нұрмұратов, С. Е.** Халықтың рухани мұрасы: дәстүрлі құндылықтық бағдарларды сыни зерделеу [Мәтін] // Будущее человека: проблемы, гипотезы, идеи. Мат. межд. науч. конф., посвященной Всемирному дню философии и 60-летию профессора С.Ю. Колчигина / Под общ. ред. З. К. Шаукеновой. Сборник статей. – Алматы: Институт философии, политологии и религио-оведения КН МОН РК, 2015. – 69–83 бб.

9 **Ozumba, G. O.** National Consciousness, Value Reorientation and Identity: An Integrative Humanist Approach [Text] // Journal of Integrative Humanism. – 2014. – № 3(2). – P. 147–155.

10 **Бергер, П.** Культурная динамика глобализации\ Многоликая глобализация [Текст]. – М. : Аспект Пресс, 2004. – С. 8–24.

11 **Тоқаев, Қ.** Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Қазақстан Республикасы мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауы, 2020 [Мәтін]. [Электронды ресурс]. – https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuick

12 **Кшибеков, Д.** Национальная идея и идеология [Текст]. – Алматы, 2006. – 178 с.

References

- 1 **Şaïbaeva, A. N.** Ұлттық мәдениет пен ұлттық құндылықтар арақатынасы [The ratio of national culture and national values] [Text]. // QazҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саиасаттану сериясы. – 2011. – № 2 (37). – 161-165 pp.
- 2 **İvin, A. A.** Osenki v protsessah kommunikatsii [Assessments in communication processes] [Text]. [Electronic resource]. – <file:///C:/Users/TUF%20Gaming/Downloads/otsenki-v-protsessah-kommunikatsii.pdf>
- 3 **Völf, E. M.** Funksionálnaia semantika osenki [Functional semantics of evaluation] [Text]. – М. : Наука, 1985. – 226 p.
- 4 **Efanova, L. G.** Subekt normativnoi osenki, vyrajaemoi semantikoi iazykovyh edinis, kak nositel nasionálnoi iazykovoi kartiny mira [The subject of normative assessment, expressed by the semantics of linguistic units, as a carrier of the national linguistic picture of the world] [Text]. // Sib. filol.jurn. – 2013. – №1. – P. 101–106.
- 5 **Gak, V. G.** Metafora v iazyke i tekste [Metaphor in language and text] [Text]. – М. : Nauka, 1988. – 174 p.
- 6 **Erikson, E.** İdentichnost: iunost i krizis [Identity: youth and crisis] [Text]. – М. : Progress, 1996 – 340 p
- 7 **Arutünova, N. D.** İazyk i mir cheloveka [Language and the human world] [Text]. – М. : İazyki russkoi kültury, 1999. – 896 p.
- 8 **Nysanbaev, Ә. N., Nürmüratov, S. E.** Halyqtyñ ruhani mürasy: дәстүрлі құндылықтық бағдарларды syni zerdeleu [Spiritual heritage of the people: a critical study of traditional value orientations] [Text]. // Buduşec cheloveka: problemy, gipotezy, idei. Mat. mejd. nauch. konf., posvāšennoi Vsemirnomu dnū filosofii i 60-letiu professora S.İu. Kolchigina / Pod obş. red. Z.K. Şaukenovoi. Sbornik statei. – Almaty : Institut filosofii, politologii i religi-ovedenia KN MON RK, 2015. – 69–83 p.
- 9 **Ozumba, G. O.** National Consciousness, Value Reorientation and Identity: An Integrative Humanist Approach [Text] // Journal of Integrative Humanism. – 2014. – № 3(2). – P. 147–155.
- 10 **Berger, P.** Külturnaia dinamika globalizatsii\ Mnogolikaia globalizatsia [The cultural dynamics of globalization\ The multifaceted globalization] [Text]. – М. : Aspekt Press, 2004. – P. 8–24.
- 11 **Toqaev, Q.** Jaña jağdaidağy Qazaqstan:ıs-qimyl kezeñi. Qazaqstan Respublikasy memleket basshysynıñ Qazaqstan halqyna joldaуy, 2020 [Kazakhstan in the new conditions:a period of action. Address of the head of state of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan, 2020] [Text]. [Electronic resource]. – https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdaуy-2020-zhylyg-1-kyrkuiek
- 12 **Kşibekov, D.** Nasionálnaia ideia i ideologia [National idea and ideology] [Text]. – Almaty, 2006. – 178 p.

07.08.24 ж. баспаға түсті.

10.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Н. А. Ильясова¹, У. Б. Тайжанов², Б. Молдағали³

^{1,2,3}Казахский национальный

педагогический университет имени Абая,

Республика Казахстан, г. Алматы

Поступило в редакцию 07.08.24.

Поступило с исправлениями 10.01.25.

Принято в печать 17.02.25.

ЛИНГВОАКСИОЛОГИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ОПРЕДЕЛЕНИЯ СУЩНОСТИ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

Цель статьи – рассмотреть пути пробуждения гражданственности, сохранения и развития национальной идентичности посредством лингвоаксиологического анализа национальных ценностей. Научная новизна статьи основана на противопоставлении хорошего и плохого в оценочной структуре системы анализа, представлении образца и модели анализа. Уникальность данного исследования включает в себя качественные признаки, характерные для национальных ценностей, находящиеся в хорошем положении, плохие качественные признаки, противостоящие национальным ценностям в плохом положении, а также анализ измерений, которые может оценить субъект как ценности и антиценности. Теоретическая значимость исследования объясняется как способ лингвоаксиологического анализа национальных ценностей, сохранения национальной идентичности. В ходе анализа доказывается, формирование субъективного отношения личности к национальным ценностям, тем самым происходит процесс понимания смысла национальных ценностей. Оно анализируется как способ построить добродетельное общество и избежать поглощения глобальной культурой. При раскрытии темы используются методы оценки, сравнения, систематизации и моделирования.

Методологической основой исследования послужили работы А. Шанбаева, И. Ивина, Э. Вольфа, Н. Арутюновой и др. Ученые вели философские и лингвистические исследования. Практическая значимость работы заключается в том, что данная статья может быть использована в качестве дополнительного материала при

подготовке к лекциям и семинарским занятиям по предмету «Общее языкознание» вуза.

Ключевые слова: антиценность, лингвоаксиология, национальная идентичность, оценочная система, критический анализ.

N. A. Ilyassova¹, U. O. Taizhanov², B. Moldagali³

^{1,2,3}Abai Kazakh National

Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 07.08.24.

Received in revised form 10.01.25.

Accepted for publication 17.02.25.

LINGUOAXIOLOGICAL NATURE OF THE DEFINITION OF THE ESSENCE OF NATIONAL VALUES

The purpose of the article is to consider the ways of awakening citizenship, preservation and development of national identity through ling axiological analysis of national values. The scientific novelty of the article is based on the opposition of «good» and bad in the evaluative structure of the analysis system, presentation of the sample and model of analysis. The uniqueness of this study includes qualitative attributes characteristic of national values in a good position, bad qualitative attributes opposing national values in a bad position, as well as the analysis of dimensions that the subject can evaluate as values and anti-values. The theoretical significance of the study is explained as a way of ling axiological analysis of national values, preserving national identity. The analysis proves the formation of subjective attitude of the individual to national values, thereby the process of understanding the meaning of national values. It is analyzed as a way to build a virtuous society and avoid absorption by global culture. The methods of evaluation, comparison, systematization and modeling are used in the disclosure of the topic.

The methodological basis of the research is A. Shanbaeva, I. Ivin, E. Wolf, N. Arutyunova and other scientists conducted philosophical and linguistic research. The practical significance of the work lies in the fact that this article can be used as additional material in preparation for lectures and seminars on the subject «General Linguistics» of the university.

Keywords: anti-value, linguaaxiology, national identity, evaluation system, critical analysis.

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,76 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.
Электронное издание
4,76 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz